

Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 25 мамырда № 11148 болып тіркелді.

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 29.07.2025 № 229-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ішкі сауда қағидалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика министрлігінің Сауда қызметін реттеу департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрықты облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының назарына жеткізуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің
міндетін атқарушы

М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы " "

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы " "

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2015 жылғы " "

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 264 бұйрығымен
бекітілген

Ішкі сауда қағидалары

Ескерту. Қағидалары жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің м.а . 24.07.2024 № 290-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ішкі сауда қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 7-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында ішкі сауда қызметін жүзеге асырудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) автодүкен – сауда жабдықтарымен жарақталған мамандандырылған автокөлік құралы;
- 2) автомат – тауарларды сатуға арналған автоматтандырылған құрылғы;
- 3) асхана – тұтынушылар өзіне өзі қызмет көрсететін қоғамдық тамақтану объектісі;
- 4) аутлет орталық – бірыңғай тауар белгісімен немесе маркасымен айналымға шығарылған өнімдер шығарылымының алдыңғы маусымынан азық-түлік емес тауарлар тобын елеулі жеңілдіктермен (жиырмадан тоқсан пайызға дейін) сатуды жүзеге асыратын сауда объектісі;
- 5) ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі – халыққа тауарларды, негізінен ауыл шаруашылығы тауарларын қолжетімді бағамен сатып алу мүмкіндігін беру мақсатында ұйымдастырылатын жәрмеңке;
- 6) әкімші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сауда объектісі әкімшілігінің басшысы тағайындаған сауда объектісінің жұмыс істеуін және оның

жұмысын Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес ұйымдастыруды қамтамасыз ететін жеке тұлға;

7) әкімшілік – сауда объектісінің меншік иесі (иеленушісі) оның қызметін тікелей басқару үшін құрған басқару аппараты;

8) әкімшілік аймақ – оның әкімшілігі орналасқан стационарлық сауда объектісінің бөлігі;

9) баға – тауар құнының ақшалай мәні;

10) бар – тұтынушыларға тіске басар, десерттер және кондитерлік өнімдер, сондай-ақ алкоголь өнімдерін ұсынатын қоғамдық тамақтану және демалыс объектісі;

11) бөлшек сауда – сатып алушыға жеке, отбасылық, үй ішінде немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге де пайдалануға арналған тауарларды сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

12) вендинг автоматы – тауарларды сатуды жүзеге асыратын автоматтандырылған құрылғы және сатушының қатысуынсыз автоматтандырылған жүйелердің көмегімен тамақ өнімдерін автоматты түрде дайындауға, сатуға арналған аппарат;

13) гипермаркет – бір немесе бірнеше ішкі сауда субъектілері ұсынған жиһаз, тұрмыстық техника, бақша тауарлары, спорттық жабдықтар және басқаларын қоса алғанда мамандандырылған немесе аралас тауарлар ассортиментін сататын қосымша мақсаттағы объектілері бар, автокөлік құралдарын қоюға арналған алаңы бар сауда желісіне кіре алатын стационарлық сауда объектісі;

14) дәмхана – қарапайым дайындалатын тағамдардың ассортиментін, сондай-ақ тұтынушыларға даяшылардың қызметтерін міндетті түрде ұсына отырып алкоголь өнімін ұсынатын қоғамдық тамақтану және демалыс объектісі;

15) дискаунт орталығы – сауда-саттық желісіне кіре алатын азық-түлік тауарларының тар ассортиментін (ұсынылған тауарлардың жалпы көлемінің жиырма пайызы, тез бұзылатын өнімдерді, негізінен "құрғақ" немесе терең мұздатылған өнімдерді есепке алмағанда) және күнделікті сұраныстағы азық-түлік емес тауарларды орташа нарықтық бағадан төмен бағамен өткізетін бір немесе бірнеше ішкі сауда субъектілері ұсынған стационарлық сауда объектісі;

16) дүкен – сауда-саттық желісіне кіре алатын, сатып алушыларға тауарларды жеке, отбасылық, үйде пайдалану үшін сатуды жүзеге асыратын, бір немесе бірнеше ішкі сауда субъектілері ұсынған стационарлық сауда объектісі.

17) дүңгіршек – бір немесе бірнеше сауда орындарына есептелген, азық-түлік тауарларын сақтауға арналған сауда залы және үй-жайлары жоқ, сауда жабдықтарымен жарақталған күрделі емес тасымалданатын құрылыс;

18) жарамдылық мерзімі – тауар мерзімі аяқталғаннан кейін мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп есептелетін уақыт кезеңі;

19) жұмыс регламенті – ірі сауда объектісінің, оның әкімшілігінің қызметін ұйымдастыру тәртібі, оның ішінде сауда орындарын және өзге де қызметтерді жалға (пайдалануға) беру құнын есептеуге айқындалған құжат;

20) жылжымалы сөре – арнайы бөлінген орынға орнатылатын, сауда орнын білдіретін, тасымалданатын уақытша құрылыс (конструкция);

21) заманауи форматтағы сауда объектісі – дәстүрлі қызмет көрсету әдісімен ұштастыра отырып өзіне-өзі қызмет көрсету әдісі, сондай-ақ сауданың қосымша қызметтерін көрсету, төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықтың (құрылғының) болуы, еңбек өнімділігі жоғары және сауда алаңының шаршы метрінен сатылатын тауарлардың мамандандырылған немесе аралас ассортименті бар, өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарының тұрағына арналған алаңы бар стационарлық сауда объектісі;

22) кассалық аймақ – сатып алушы тауарға ақы төлейтін, тауардың ассортименті, күтімі бойынша консультация ала алатын орын;

23) комиссиялық дүкен – шартта айқындалатын сыйақы үшін клиенттің (комитенттің) тапсырмасы бойынша сатушы (комиссионер) тауарларды сату/сатып алу жүзеге асырылатын дүкен түрі;

24) контейнер – жүктерді тасымалдауға арналған бірнеше рет қолданылатын әмбебап көлік құралы;

25) кооператив дүкені – қатысушылардың материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мүшелік негізінде азаматтардың ерікті бірлестігі, оның мүшелері мүліктік (пайлық) жарналарды біріктіру жолымен жүзеге асырылады;

26) көрсетілетін қызмет – нәтижелері материалдық көрінісі жоқ тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет;

27) көтерме-тарату орталығы (бұдан әрі – КТО) – үлесі тауарлардың жалпы ассортиментінің кемінде алпыс пайызын құрайтын азық-түлік тауарларымен тиісті сақтауға және (немесе) сатып алу, дайындық, тарату және (немесе) өзге де операцияларды орындауға арналған қойма үй-жайларынан, павильондардан және (немесе) тізбесі көтерме-тарату орталықтарына қойылатын талаптармен айқындалатын азық-түлік емес тауарлармен, олардың ішкі және (немесе) сыртқы нарықтардағы кейіннен көтерме саудасы үшін арнайы жабдығы бар басқа да үй-жайлардан тұратын көпфункционалды инфрақұрылымдық сауда-логистикалық кешен;

28) көтерме сауда – кейін сатуға немесе жеке, отбасылық, үй ішінде және осындай өзге де пайдаланумен байланысты емес өзге мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

29) көшпелі сауда – мамандандырылған немесе сауда үшін арнайы жабдықталған көлік құралдарын, сондай-ақ тек көлік құралымен жиынтықта қолданылатын мобильді жабдықты пайдалана отырып тұрақты жұмыс істейтін бөлшек сауда желісінен тыс жүзеге асырылатын бөлшек сауда;

30) кросс-мерчендайзинг – дүкенді рәсімдеу және белгілі бір санаттағы тауарды осы санатқа байланысты, бірақ оған тікелей қатысы жоқ ілеспе өнімдермен бірге қою арқылы бөлшек сауданы ұлғайту құралы;

31) Қазақстан Республикасының шекара маңы аумағы – Мемлекеттік шекарадан 50 шақырымға дейінгі қашықтықта орналасқан әкімшілік-аумақтық құрылымдар мен елді мекендердің аумақтары;

32) қоғамдық тамақтандыру объектісі – сауда желісіне кіре алатын қоғамдық тамақтандыру өнімін өндірумен және (немесе) сол жерде тұтыну және (немесе) алып кету үшін тамақ пен сусындарды қабылдау жөніндегі қызметтерді ұсынатын ішкі сауда объектісі;

33) қойма – тауарларды қабылдауға, орналастыруға және сақтауға арналған стационарлық ғимарат немесе кешен;

34) қойма аймағы – қойма үй-жайлары, сондай-ақ осы қойма үй-жайларына қызмет көрсету үшін қажетті объектілер мен құрылғылар орналасқан ірі сауда объектісінің аймағы;

35) қоймалық есепке алу бірлігі (SKU – халықаралық термин) – ассортименттік сәйкестендіргіш, белгілі бір топқа немесе маркаға жататын ассортименттік қатардың тәуелсіз бірлігі, сауда объектісінің қоймасындағы қалдықтарды қадағалау үшін тауарларға берілетін сандар мен әріптерден тұратын код;

36) қосымша көрсетілетін қызметтер тізбесі – ірі сауда объектісінің меншік иесі (иеленуші) бекітетін, сауда объектісінің аумағында көрсетілетін қызметтің (жұмыстың) сипатының оның құнын көрсете отырып егжей-тегжейлі сипаттамасын қамтитын құжат ;

37) қосымша мақсаттағы объектілер – сауда объектісінде орналасқан, сауда объектілерінің тұтынушылық белсенділігі мен әлеуметтік тартымдылығын арттыруға жанама әсер ететін халықтың әртүрлі санаттарына қызметтер көрсету жөніндегі объектілер: тұрмыстық қызмет көрсету объектілері, балалардың болуына арналған үй-жайлар және (немесе) алаңдар, мәдени, білім беру, ойын-сауық, әлеуметтік, бос уақыт, сауықтыру және өзге де мақсаттағы объектілер;

38) маусымдық жәрмеңке – халықтың маусымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ұйымдастырылатын жәрмеңке (мектеп керек-жарақтарына сұраныс, жылыту маусымында көмірге сұраныс, жемге, шөпке сұраныс және тағы басқалар);

39) мейрамхана – тұтынушыларға даяшылардың қызметтерін міндетті түрде ұсына отырып тапсырыс берілген және фирмалық тағамдарды, сондай-ақ алкоголь өнімдерін қоса алғанда күрделі дайындалатын тағамдардың ассортиментін ұсынатын қоғамдық тамақтану және демалыс объектісі;

40) меншік иесі (иеленуші) – сауда объектісінің мүлкін иеленетін, пайдаланатын, ішкі сауданы және (немесе) сауда орындарын жалға (пайдалануға) беруді, ішкі сауданы

жүзеге асыру үшін ішкі сауда субъектілеріне өзге де қызметтерді жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

41) мерекелік жәрмеңке – мемлекеттік мерекелерді мерекелеуге қажетті өткізілетін тауарлардың ассортименті бар мемлекеттік мерекелерді мерекелеуге ұйымдастырылатын жәрмеңке;

42) мерчендайзинг – өңірлік нарықта тауарлар мен брендтерді ілгерілетуге бағытталған іс-шаралар кешені, оның ішінде сатуды барынша арттыру мақсатында тауарларды сауда сөрелеріне қою тәсілі;

43) өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары (өз бетінше тапсырыс беру дүңгіршектері) – клиентке сауда объектісінің қызметкерлерін процеске тартпай тауарды өз бетінше таңдауға және төлеуге мүмкіндік беретін автоматты құрылғылар;

44) өңірлік мамандандырылған көрме – осы Қағидаларда белгіленген шарттарға сәйкес келетін көрме;

45) өңірлік мамандандырылған көрме аумағын көрмеден кейінгі пайдалану – өңірлік мамандандырылған көрме объектілерін басқару (объектілерді пайдалану);

46) өңірлік мамандандырылған көрме объектілері – өңірлік мамандандырылған көрме өткізілгеннен кейін қалған, оның аумағында орналасқан ғимараттар, сәулет объектілері, құрылыстар, инженерлік және көлік инфрақұрылымы және өзге де объектілер;

47) өңірлік мамандандырылған көрмеге қатысушы – өңірлік мамандандырылған көрмеге заттар (экспонаттар) қоятын және өңірлік мамандандырылған көрмедегі секцияларда тиісті өңірді ұсынатын жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ шарт талаптарына сәйкес қабылданатын өңірлік мамандандырылған көрмені өткізудің ішкі қағидаларында айқындалған ұйым не жеке немесе заңды тұлға;

48) өңірлік мамандандырылған көрменің аумағы – жергілікті атқарушы орган әзірлеген тіркеу дерекнамасында көзделген жер учаскелері;

49) сақтау мерзімі – белгіленген сақтау шарттары сақталған кезде тауар (жұмыс нәтижесі) осы уақыт кезеңі ішінде тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттарда және (немесе) шартта көрсетілген сапасын, қасиеттерін және сипаттамаларын сақтайтын уақыт кезеңі;

50) сатушы – тауарды сатуды жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі;

51) сатып алушы – тауарды сатып алатын жеке немесе заңды тұлға;

52) сауда ақпараты – тауар, дайындаушы, сатушы туралы заңнамада көзделген және тауармен және оны пайдаланудың ерекшеліктерімен таныстыру мақсатында сатушыға жеткізілетін мәліметтер;

53) сауда залы – сатып алушыларға қызмет көрсетуге арналған сауда үй-жайының арнайы жабдықталған негізгі бөлігі;

54) сауда инфрақұрылымы – белгілі бір аумақта немесе өңірде көтерме және бөлшек сауданың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің, құрылыстардың

және жүйелердің жиынтығы және сауда объектілерін, қоймаларды, көлік желілерін, жеткізу жүйелерін, сондай-ақ сауданың жұмысы мен тиімділігін жақсартуға бағытталған ақпараттық және технологиялық шешімдерді қамтиды;

55) сауда қызметіндегі көпфункционалды ғимарат (кешен) – сауда желісіне кіре алатын біртұтас сәулет тобы немесе әртүрлі мақсаттағы үш және одан да көп объектілерді орналастыруға арналған жеке тұрған ғимараттар (балалардың болуына арналған үй-жайлары немесе алаңдары бар екеуі, оның ішінде жалпы сауда алаңы жалпы санының кемінде 30 пайызын құрайтын заманауи форматтағы бір және одан да көп стационарлық сауда объектілері бар аралас немесе мамандандырылған ассортименті бар көптеген ішкі сауда субъектілерімен ұсынылған көпфункционалды ғимараттың (кешеннің) ауданы, сондай-ақ сауда нарығын қоспағанда өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарын қоюға арналған алаңы бар қосымша мақсаттағы объектілер;

56) сауда мүкәммалы – сауда қызметін жүзеге асыруға арналған заттар;

57) сауда базарын жаңғырту – автодүкендерді қоспағанда стационарлық немесе стационарлық емес сауда объектілерінің пайдалану көрсеткіштерін құрылыс-монтаждау жұмыстары, қолданыстағы ғимаратты қайта құру, қайта жаңарту немесе аумақтың қолданыстағы шекараларында жаңа ғимарат салу арқылы объектіні пайдаланудың қазіргі заманғы талаптары мен технологияларына сәйкес келтіруге бағытталған іс-шаралар кешені;

58) сауда орталығы – аралас немесе мамандандырылған ассортименті бар, сондай-ақ тұрмыстық қызмет көрсету, ойын-сауық және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жиынтық алаңы сауда орталығының сауда алаңының он бес пайызынан аспайтын қоғамдық тамақтандыру және қосымша мақсаттағы объектілері бар, автокөлік құралдарын сауда орталығына қоюға арналған алаңы бар, көптеген ішкі сауда субъектілері ұсынған стационарлық сауда объектісі, өз аумағының шекаралары шегінде сауда желісіне кіре алады;

59) сауда үйі – қоғамдық тамақтандыру және тұрмыстық көрсетілетін қызметтер объектілері, өз аумағының шекаралары шегінде автокөлік құралдарын қоюға арналған алаңы бар тауарлардың мамандандырылған немесе аралас ассортиментін өткізетін көптеген ішкі сауда субъектілері ұсынған стационарлық сауда объектісі;

60) сауда үстемесі – тауарды көтерме және бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыруға байланысты шығыстар мен пайданы қамтитын тауар бағасының бір бөлігі;

61) сауда-көрме аймағы – тауарларды көрсетуге, сондай-ақ сатып алушыларға қызмет көрсетуге, шарттар жасасуға және төлем жүргізуге арналған және пайдаланылатын жабдықпен арнайы жарақтандырылған стационарлық сауда объектісінің аймағы;

62) сауда-ойын-сауық орталығы – жоспарланған аумақтың шекараларында орналасқан бір немесе бірнеше стационарлық сауда объектілерінен тұратын аралас

ассортименті бар, сондай-ақ жиынтық алаңы сауда-ойын-сауық алаңының он бес пайызынан астамын құрайтын тұрмыстық қызмет көрсету, ойын-сауық және өзге де қызметтерді қамтитын қоғамдық тамақтандыру және қосымша мақсаттағы объектілердің болуы бар көптеген ішкі сауда субъектілері ұсынатын стационарлық сауда объектісі өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарының тұрағына арналған алаңы бар орталық, сауда желісіне кіре алатын біртұтас объект ретінде жұмыс істейді және басқарылады;

63) соңғы сөре – дүкен сөресінің барлық соңғы бөлігін алатын төсеу түрі;

64) супермаркет – бір немесе бірнеше ішкі сауда субъектілері ұсынған тауарлардың мамандандырылған немесе аралас ассортиментін өткізетін қосымша мақсаттағы объектілері бар, автокөлік құралдарын қоюға арналған алаңы бар сауда желісіне кіре алатын стационарлық сауда объектісі;

65) схема – ірі сауда объектісінің аумағында әкімшілік және сауда ғимараттарын (үй-жайларын), жеке орналасқан сауда орындарын, жылжымалы сөрелерді, автодүкендерді, шатырларды, қоғамдық тамақтандыру объектілерін, қоймаларды, зертханаларды және ірі сауда объектісінің өзге де объектілерін көрсете отырып нысаналы аймақтарды (әкімшілік, сауда) орналастырудың экспликациясы бар схемасы;

66) сыйлық сертификаты (сыйлық картасы) – иесіне белгілі бір сомаға тауарларды немесе қызметтерді сатып алуға мүмкіндік беретін купон немесе карта;

67) тақырыптық жәрмеңке – қазақстандық тауар өндірушілерді, оның ішінде шағын индустриялық аймақтарға қатысушыларды қолдау және халықтың сұранысын қанағаттандыру мақсатында ұйымдастырылатын түрлі тақырыптағы жәрмеңке;

68) тауар ассортименті – қандай болмасын бір немесе жиынтық белгілері бойынша біріктірілген тауарлар жиынтығы;

69) тауар өндіруші – тауарларды өндіретін және оларды өткізуді, оның ішінде сауда базарлары арқылы жүзеге асыратын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға, Қазақстан Республикасының резиденттері мен резиденттері емес;

70) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапасы – тұтынушының қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне жататын тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) сипаттамаларының жиынтығы;

71) тауар көршілестігі – шикі және дайын өнімдерді бірлесіп сақтауды және өткізуді болдырмайтын, олардың ластануын және тауардың сапасына әсер ететін бөгде иістердің енуін болдырмайтын жағдайлар;

72) технологиялық аймақ – жуу, қайта өңдеу, кептіру, құрғақ тазалау, сұрыптау, калибрлеу, буып-түю және/немесе басқа да осындай операцияларға арналған стационарлық сауда объектісінің бөлігі;

73) унитизация – бірнеше шағын тапсырыстарды, жүктерді немесе тауар партияларын бір ірі тапсырысқа біріктіру;

74) үй маңындағы дүкендер кооперациясы – қатысушылардың материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мүшелік негізінде ішкі сауда саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың ерікті бірлестігі, оның мүшелері мүліктік (пайлық) жарналарды біріктіру жолымен жүзеге асырылады;

75) үйдің маңындағы дүкен – тұрғын үйде орналасқан, азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды өткізетін бір немесе бірнеше ішкі сауда субъектілері ұсынған сауда желісіне кіре алатын 4, 5 санаттағы стационарлық сауда объектісі;

76) фэйсинг – сауда нүктесінің сөрелерінде сатып алушының көз деңгейінде (сатып алушыға қаратып) орналастырылған белгілі бір маркалы және топтағы тауар бірліктерінің саны (бір немесе бірнеше қайталанатын қаптама);

77) франчайзинг – брендтің, өнімнің немесе қызметтің иесі (франчайзер) мен жеке немесе заңды тұлға (франчайзи) арасындағы ішкі сауда үшін франчайзи брендин, өнімін немесе франчайзер қызметін пайдалануға арналған ынтымақтастық түрі;

78) халықтың декреттелген тобы – халыққа қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін және айналадағы адамдарға инфекциялық және паразиттік ауруларды жұқтыру үшін барынша қауіп төндіретін адамдар;

79) шағын маркет – бір немесе бірнеше ішкі сауда субъектілері ұсынған мамандандырылған немесе аралас тауарлар ассортиментін өткізетін, өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарын қоюға арналған алаңы бар сауда желісіне кіре алатын стационарлық сауда объектісі;

80) шатыр (павильон) – құрастырмалы-жиналмалы конструкциялардан, бір немесе бірнеше сауда орындары үшін сауда жабдықтарымен жарақталған, сауда қорына арналған алаңы бар және арнайы белгіленген орынға орналастырылатын жеңіл құрастырылатын құрылыс;

81) шекара маңындағы сауда – Қазақстан Республикасының шекара маңының аумағында және шектес мемлекеттің тиісті шекара маңының аумағында шекара маңындағы сауда субъектілері жүзеге асыратын сауда қызметі;

82) шекара маңындағы сауда субъектілері – осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының шекара маңының аумағында және шектес мемлекеттің тиісті шекара маңының аумағында сауда қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;

83) іске асырушы – көрме-жәрмеңке саудасына қатысушы;

84) экспликация – ірі сауда объектісінің сауда орындарының, олардағы орындардың санын, өзге де объектілерді көрсете отырып, қоғамдық тамақтандыру объектілерінің тізбесін білдіретін ірі сауда объектісінің схемасына түсініктемелер;

85) электрондық коммерцияға қатысушылар – сатып алушы, сатушы және (немесе) электрондық сауда алаңы ретінде қатысатын, тауарларды, көрсетілетін қызметтерді және ақпараттық-жарнамалық сауда алаңдарын өткізетін жеке және заңды тұлғалар.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 29.07.2025 № 229-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады және ішкі сауда субъектілеріне қолданылады.

4. Осы Қағидалардың күші мынадай қатынастарға қолданылмайды:

1) Қазақстан Республикасының халық денсаулығы саласындағы тиісті заңнамалық актілерімен және денсаулық сақтау жүйесімен реттелетін тауарлардың жекелеген түрлерінің (дәрілік препараттар, темекі, алкоголь) айналымы, темекі бұйымдарының өндірісі мен айналымын реттеу, этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын реттеу бойынша;

2) қаржы ұйымдарының қызметіне, сондай-ақ қаржы құралдарымен операцияларға байланысты қатынастарға байланысты.

5. Қауіпсіздік талаптарына жауап беретін және "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының және стандарттау жөніндегі құжаттардың талаптарына сәйкес келетін тиісті сападағы тауарлар Қазақстан Республикасының ішкі нарығында айналымға жатады.

6. Тауарлардың сапасы туралы мәліметтер мынадай ақпаратпен расталады:

- 1) дайындаушының тауар белгісімен;
- 2) тауар шығарылған ел;
- 3) тауардың құрамы туралы;
- 4) тағамдық құндылығы (азық-түлік тауарлары үшін);
- 5) дайындалған күні;
- 6) сақтау және сақтау мерзімі;
- 7) стандарттау жөніндегі құжатты көрсетумен;
- 8) стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес мәліметтер.

Жоғарыда аталған тауар сапасына қойылатын талаптар туралы ақпарат "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қазақ және орыс тілдерінде жапсырмаларда (стикерлерде), қосымша парақтарда, материалдық жеткізгіштерде болуға тиіс.

7. Арнайы мәліметтері, таңбалары, шетелдік өндірілген тауарларға арналған нұсқаулықтары бар тауар жапсырмалары (жапсырмалары) импорттаушы ұйымның қаражаты есебінен қазақ және орыс тілдеріне аударумен қамтамасыз етіледі.

8. Баға белгісін ресімдеу кезінде ішкі сауда субъектісі акциялық, жеңілдікті тауарларды қоспағанда, бір тауар үшін бір бағаны көрсетеді.

9. Азық-түлік тауарларын сату Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешіміне сәйкес мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер тізіліміне

енгізілген материалдардан жасалған қаптамада тауарлық көршілестікті сақтай отырып жүзеге асырылады.

Өсімдік тектес емес, ет тектес емес, құрамында шырыны бар, құрамында сүті бар түрлі ингредиенттерді пайдаланатын құрамдас компоненттердің құрамы бойынша ерекшеленетін тамақ өнімдерін сатуға арналған орындар әртүрлі сауда сөрелеріне орналастырылады.

10. Кейіннен сату үшін азық-түлік тауарларын сатып алу Қазақстан Республикасының тиісті ұлттық стандарттарын қолдана отырып, ал олар болмаған жағдайда осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Тауарларды сақтау және тасымалдау олардың сапасының сақталуын және тұтыну үшін қауіпсіздік талаптарының сақталуын, оның ішінде арнайы жабдықталған үй-жайларда сақтаудың көзделген шарттарына, осы мақсаттарға арнайы арналған көлік құралдарында тасымалдау шарттарына қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылады және белгіленген жағдайларда мұндай талаптардың тиісті құжаттардағы жазбалармен сақталуын растайды.

Ішкі сауда субъектілері Заңның 32-бабының 3-тармағында көрсетілген тауарларды қоспағанда азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды өткізеді.

12. Тауарларды сату кезінде ішкі сауда субъектісі сатып алушының тауарлардың белгіленген талаптарға сәйкестігін растау туралы ақпаратты жеткізеді және тұтынушыға оның талабы бойынша мынадай құжаттардың бірін ұсынады:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22004 болып тіркелген) бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын өнімді мемлекеттік тіркеу қағидаларында белгіленген тәртіппен берілген өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе тізілімнен үзінді көшірме мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер;

2) дайындаушы немесе жеткізуші (сатушы) ресімдеген тауар-ілеспе құжаттар;

3) авторлық (лицензиялық) шарт бойынша туындылар жаңғыртылған жағдайда – шарттың көшірмесі.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттар оның деректемелерін көрсете отырып дайындаушының (жеткізушінің, сатушының) қолымен және мөрімен (ол болған кезде) куәландырылады.

13. Тауарларды сату кезінде сатып алушы өз бетінше немесе сатушының көмегімен өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі туралы ақпаратпен танысуға құқылы.

14. Сатып алушы егер бұл тауардың сипатына байланысты алынып тасталмаса, ұсынылатын тауарды қарап шығуға, қасиеттерін тексеруге немесе оның әрекетін көрсетуге құқылы.

15. Сатып алушы сатып алынатын тауарлардың сапасын, санын, толықтығын, салмағын, ұзындығын және өзге де параметрлерін (жұмысын), олардың ыңғайлылығын тексеруге, сондай-ақ оларды қауіпсіз және дұрыс пайдалану жөнінде ақпарат алуға құқылы.

Сатып алушыда күмән туындаған жағдайда сатушы (дайындаушы) көрсетілген сипаттамаларды өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген өлшеу құралдарының көмегімен дербес тексеруге мүмкіндік беруге міндетті, сондай-ақ қажет болған жағдайда оларды сараптамаға жіберуге ықпал етеді.

16. Сатушы ҚР СТ 3833 "Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сәйкестендіру және оларды кодификациялау тәртібіне" сәйкес тауарлардың ұлттық каталогына сәйкес тауардың атауын, оның сортын, тауардың салмағы немесе бірлігі бағасын көрсете отырып сатылатын тауарларға нақты ресімделген баға белгілерінің болуын қамтамасыз етеді.

17. Тауарлар сауда залына немесе өзге де сату орнына берілгенге дейін ыдыстардан, орау және байлау материалдарынан, металл қыстырғыштардан босатылады.

18. Сатушы тауардың бетінде немесе бөлігінде бар ластануларды жояды және тауарлардың сапасына (сыртқы белгілері бойынша), тауарларға осы Қағидалардың 54-тармағының алтыншы абзацында және 19-тармағында көрсетілген қажетті құжаттама мен ақпараттың бар-жоғына тексеру жүргізеді.

19. Азық-түлік өнімдерінің түрлерін ескере отырып осы Қағидалардың 54-тармақтың алтыншы абзацында көрсетілген ақпараттан басқа буып-түю материалдары мен бұйымдарының жапсырмаларында, заттаңбасында, қосымша парақтарында қазақ және орыс тілдерінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) тамақ өнімдерінің атауы;
- 2) тамақ өнімдерінің құрамы;
- 3) тамақ өнімдерінің саны;
- 4) тамақ өнімдерін дайындау күні;
- 5) тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі;
- 6) дайындаушы белгілеген тамақ өнімдерін сақтау шарттары.

Ескертпе: сапасы мен қауіпсіздігі өнімді бүлінуден қорғайтын қаптаманы ашқаннан кейін өзгеретін тамақ өнімдері үшін қаптаманы ашқаннан кейін сақтау шарттары да көрсетіледі;

7) тамақ өнімдерін дайындаушының атауы мен орналасқан жері немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және оның заңды мекенжайы, сондай-ақ дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаның атауы мен орналасқан жері, импорттаушы ұйымның атауы мен орналасқан жері немесе дара импорттаушы кәсіпкердің және оның тегінің, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) заңды мекен-жайы;

8) егер осы ұсынымдарсыз немесе шектеулерсіз пайдалану қиын болса не тұтынушылардың денсаулығына, олардың мүлкіне зиян келтіруі тамақ өнімдерінің дәмдік қасиеттерінің төмендеуіне немесе жоғалуына әкеп соғуы мүмкін болса тамақ өнімдерін пайдалану, оның ішінде дайындау жөніндегі ұсынымдар және (немесе) шектеулер;

9) тамақ өнімдерінің тағамдық құндылығы көрсеткіштері;

10) тамақ өнімдерінде гендік-түрлендірілген организмдерді қолдана отырып алынған компоненттердің болуы туралы мәліметтер;

11) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің нарығында өнім айналысының бірыңғай белгісі.

20. Сатушы өндіретін таразы тауарларын сату алдындағы буып-орау және буып-түю жағдайында буып-түйілетін тез бұзылатын тауарлардың көлемі сауданың бір күні ішінде оларды өткізу көлемінен аспайды.

Өлшеп-оралған тауарда оның атауы, салмағы, килограммына бағасы, өлшеп-орау құны, өлшеп-орау күні, жарамдылық мерзімі көрсетіледі.

21. Өлшенген азық-түлік тауарлары сатып алушыға орау үшін қосымша ақы алынбай оралған түрде беріледі.

Қаптама үшін Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2021 жылғы 29 маусымдағы № 433-НҚ (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23364 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген сәйкестікті бағалау қағидаларына сәйкес сәйкестікті бағалау (растау) рәсімінен өткен материалдар пайдаланылады.

22. Салмақ бойынша сатылатын азық-түлік тауарларының бағасы таза салмақпен анықталады.

23. Азық-түлік тауарларының сауда орындарында ілеспе азық-түлік емес тауарларды сатуға және азық-түлік тауарларының сапасы мен қауіпсіздігінің нашарлауына әкеп соқпайтын қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетуге және оларды сату шарттарына санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен, стандарттармен белгіленген тауарлық көршілестікті сақтай отырып жол беріледі.

24. Сату үшін сауда объектілеріне келіп түскен жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 46-14) тармақшасына сәйкес бекітілетін ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізілетін ветеринариялық-санитариялық сараптамаға жатады.

25. "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 1-тармағына сәйкес күнтізбелік он төрт күн ішінде қайтарылған тауар түрін, тұтыну қасиеттерін, пломбаларды, жапсырмаларды, тауарды сатып алу дерегін растайтын құжаттарды сақтай отырып тиісті сападағы азық-түлік емес тауарлар пайдалануда болған тауарларға жатпайды.

26. Қысқартылған тауарды сату және өткізу тәртібі осы Қағидаларда белгіленеді.

27. Меншік иесінің қалауы бойынша төмендетілген бағалар бойынша тиісті сападағы тауарларды сату (сату) бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) маңдайшалар және (немесе) хабарландырулар арқылы тауарларды сату туралы алдын ала хабардар етіле отырып жүргізіледі.

28. Тауарлардың бағасы және сатуды өткізу мерзімдері меншік иесінің қалауы бойынша сатуды бастағанға дейін алдын ала ескертуде көрсетіледі және өткізудің барлық кезеңіне қолданылады.

29. Ішкі сауда субъектісі қажет болған жағдайда сатып алушы сату кезінде сатып алатын тауарлар санына шектеулер қояды.

30. Ішкі сауда субъектісі қажет болған жағдайда сату кезінде тауарларды сатып алуға уақыт шектеулерін белгілейді.

31. Сатуда өткізілетін тауарларға "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кепілдік беру, ауыстыру және қайтару туралы талаптар қолданылады.

32. Ішкі сауда субъектілері сату шеңберінде жеңілдікпен өткізетін тиісті сападағы тауарларға осы Қағидалардың 31-тармағының күші қолданылады.

33. Ақауы бар немесе жойылған ақауы бар қысқартылған тауар қазақ және орыс тілдерінде белгіленеді және қысқартылған тауардың ақауын немесе жойылған ақауын көрсетеді.

34. Төмендетілген тауар арнайы бөлінген орындарда және (немесе) баға белгілеуінде және интернет-ресурста (бар болса) арнайы жасалған бөлімде түс бөле отырып орналастырылады.

35. Төмендетілген тауарды сатып алу кезінде шартта ақау немесе жойылған ақау көрсетіледі. Шартта көрсетілген ақауға немесе жойылған ақауға өндірушінің (сатушының) кепілдігі қолданылмайды.

36. Сатушы тауарларға және (немесе) көрсетілетін қызметтерге өткізетін сыйлық сертификаттарының (тауарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған сертификаттардың) қолданылу мерзімі мен шарттарын сатушы белгілейтін, сатушы тегін негізде тарататын сертификаттарды қоспағанда қолданылу мерзімі үш жылға дейін болады.

Сыйлық сертификатын ішінара пайдаланған жағдайда, сома қалдығы бар сыйлық сертификаты үш жылдық қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзінің қолданылуын жалғастырады немесе сыйлық сертификатынан қалған сома өзі көрсеткен деректемелерге сыйлық сертификатын ұсынушының талабы бойынша қайтарылады. Бұл норма сатушы тегін негізде тарататын сертификаттарды қамтымайды, олардың қолданылу мерзімі мен шарттарын сатушы белгілейді.

37. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін ескере отырып, Қазақстанда шығарылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ішкі сауданы дамытуды

ынталандыру үшін сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар әзірлейді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 29.07.2025 № 229-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Жергілікті атқарушы органдар ішкі сауданы дамытуға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 160 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10647 болып тіркелген) халықтың сауда алаңымен қамтамасыз етілуінің ең төменгі нормативтерін ескере отырып, халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Жергілікті атқарушы органдар өңірлердің аумақтарын қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын (аудандық жоспарлау жобасын), елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу кезінде халықтың сауда алаңымен қамтамасыз етілуінің ең төменгі нормативтерін ескереді.

Халықтың сауда алаңымен нақты қамтамасыз етілуі мынадай формула бойынша есептеледі:

$A = B / C$, қайда

A – 1000 адамға шаққанда халықтың сауда алаңымен қамтамасыз етілуі;

B – сауда алаңы, шаршы метр;

C – халық саны, мың адам.

39. Өз қызметін франчайзинг арқылы жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілері " Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) туралы" Қазақстан Республикасы Заңын басшылыққа алады.

2-тарау. Ішкі сауда субъектілеріне және объектілеріне қойылатын талаптар

40. Ішкі сауда субъектілеріне Заңға сәйкес ішкі сауданы жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар жатады.

41. Ішкі сауда объектілеріне сауда объектілері мен қоғамдық тамақтандыру объектілері жатады.

42. Ішкі сауда субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес сауда объектісінің мамандануын сатылатын тауарлардың ассортиментін, жұмыс режимін, сатылатын тауарлардың бағасын дербес айқындайды.

43. Ішкі сауда субъектісінің сауда форматын айқындау кезінде сауда объектісінің өлшемшарттары айқындалады:

сауда объектісінің ауданы;

тауарлар ассортименті;

мақсатты аудитория;

сатып алушыларға қызмет көрсету нысаны (касса және (немесе) өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы арқылы төленетін өзіне-өзі қызмет көрсету, "есептегіш арқылы" қызмет көрсету, консультанттардың болуы және тауарларды электрондық сауда алаңдары арқылы жеткізу);

кассалық аймақтар саны.

44. Сауда форматы Қазақстан Республикасының ҚР СТ 1754 "Сауда қызметтері. Сауда кәсіпорындарының жіктелуі" ұлттық стандартына сәйкес неғұрлым тар бағыттар бойынша жіктелуі мүмкін.

45. Сауда форматтары дәстүрлі және заманауи сауда форматтарына бөлінеді.

Сатып алушы мен сатушының тікелей өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылатын сату тәсілі сауданың дәстүрлі форматына жатады және тауарларды сауда базарларында, дүңгіршектерде, павильондарда, жәрмеңкеде, жылжымалы сөре, автомат және автодүкен арқылы өткізуді қамтиды.

Сатып алушылардың өзіне-өзі қызмет көрсету кезінде, оның ішінде консультанттардың көмегімен тауарларды сату сауданың заманауи форматына жатады және тауарларды гипермаркетте, супермаркетте, шағын маркетте, аутлет-орталығында, дискаунт орталықта, сауда-ойын-сауық орталығында, сауда орталығында, сауда үйінде, жаңартылған сауда базарларында, көпфункционалды ғимараттарда (кешендерде), КТО, сауда автоматы арқылы сатуды қамтиды.

46. Заманауи форматтағы сауда объектісіне дәстүрлі қызмет көрсету әдісімен ұштастыра отырып өзіне-өзі қызмет көрсету әдісі бойынша жұмыс істейтін, сондай-ақ сауданың қосымша қызметтерін көрсететін, төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықтың (құрылғының) болуы, жоғары еңбек өнімділігі және тауарлардың мамандандырылған немесе аралас ассортименті бар сауда алаңының шаршы метрінен сату, өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарын қоюға арналған алаңмен 1, 2, 3-санаттағы стационарлық сауда объектісі жатады.

Заманауи форматтағы сауда объектілеріне сауда автоматы да кіреді.

Бөлшек сауданың заманауи форматтарын есептеу әдістемесі сауданың жалпы көлемі туралы заманауи сауда форматтарының үлесін есептеуге арналған.

Заманауи бөлшек сауда форматтарының үлесі келесі формула бойынша есептеледі:

$$A = B / C * 100, \text{ қайда}$$

A – қазіргі сауда форматтарының үлесі, пайыз;

B – заманауи форматтағы сауда объектілеріне келетін бөлшек және көтерме сауда көлемі, миллиард теңге;

C – барлық сауда объектілеріне келетін бөлшек және көтерме сауда көлемі, миллиард теңге.

47. Сауда объектісі Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына сәйкес нақты тауар желісі шеңберінде номенклатураның ендігіне қарай жіктеледі.

48. Ішкі сауда субъектісі ассортименттік саясат пен тауар матрицасын құрады, тауарлардың қозғалысын реттейді: жеткізу, сақтау, сату алдындағы дайындық және сату. Жоғарыда аталған процестерді материалдық және/немесе еңбек ресурстарымен қамтамасыз етеді.

49. Сауда желісі мен сауда базарларын ұйымдастыру арқылы тауарларды сатуды жүзеге асыру кезінде ішкі сауда субъектілері:

1) Қазақстанда шығарылған тауарларын жақын жерде орналасқан бірнеше Қазақстанда шығарылған тауарларына орнатуға рұқсат етілетін арнайы маңдайшамен немесе "Қазақстанда жасалған" деген жазумен қою орындарын белгілейді;

2) кросс-сауда-саттықты пайдалана отырып үлкен сұранысқа ие өнімдермен қатар "Қазақстанда жасалған" деген жазуы бар Қазақстанда шығарылған тауарлары бар;

3) Қазақстанда шығарылған азық-түлік тауарларын сауда алаңында және (немесе) сөре кеңістігінде азық-түлік тауарлары орналасқан жалпы сауда алаңының және (немесе) сөре кеңістігінің кемінде отыз пайызын орналастырады;

4) Қазақстанда шығарылған тауарларды көзбен шолып және физикалық қолжетімді орындарға (көз деңгейінде) орналастырады;

Осы көлемде Қазақстанда шығарылған азық-түлік тауарлары болмаған жағдайда қалған орындар және (немесе) сөре кеңістігі ішкі сауда субъектісінің қалауы бойынша басқа тауарлармен толтырылады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 29.07.2025 № 229-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Қазақстанда шығарылған азық-түлік тауарларын орналастыру үшін алаңды және (немесе) сөре кеңістігін бөлу қазақстандық өндірушінің немесе Қазақстанда шығарылған тауарларын өткізетін ішкі сауда субъектісінің жазбаша өтінімі бойынша жүзеге асырылады.

Өтінімдер болмаған жағдайда сауда желісін ұйымдастыру арқылы тауарларды сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілері қазақстандық өндірушілерді тартуды дербес ұйымдастыра алады.

Қазақстандық тауар өндірушілер немесе жеткізушілер тарапынан өтінімдер болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда қалған сауда алаңы және (немесе) сөре кеңістігі басқа тауарларды сату үшін пайдаланылуы мүмкін.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сауда және интеграция министрінің 29.07.2025 № 229-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Сөре кеңістігінің үлесі келесі формула бойынша анықталады:

$A = B / C * 100$, қайда

A – "Қазақстанда жасалған" тауарлардың сөре кеңістігінің үлесі, пайыз;

B – сөреде "Қазақстанда жасалған" тауарлар фейсингтерінің саны, бірлік;

С – сөредегі фейсингтердің жалпы саны, бірлік.

52. Сатып алушы мен сатушы арасындағы сатып алу-сату шарты, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта өзгеше көзделмесе, сатушы сатып алушыға кассалық немесе тауарлық чекті немесе тауардың төленгенін растайтын өзге құжатты берген сәттен бастап тиісті нысанда жасалған болып есептеледі.

53. Сауда объектісінің меншік иесі (иеленуші) сауда объектісі, қоғамдық тамақтандыру объектісі қызметінің атауы мен түрі (мамандануы) туралы ақпаратты қазақ тілінде қажет болған жағдайда орыс және (немесе) басқа да тілдерде көрсете отырып, белгілерді, тауар белгілерін, брендтерді (бар болса) қоса алғанда маңдайшалардың болуын қамтамасыз етеді.

54. Тауарларды сатуды жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі:

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 233 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18562 болып тіркелген) елді мекендердегі үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру қағидаларының талаптарын ескере отырып сауда объектісінің маңдайшаларын, витриналарын, жарнамалық материалдарын, көрме жабдықтарын ресімдеуді айқындайды, сондай-ақ персоналдың сыртқы түріне қойылатын талаптар;

сатып алушылардың назарына көрнекі және қолжетімді нысанда қазақ тілінде қажет болған жағдайда орыс және (немесе) басқа да тілдерде сатылатын тауарлар және оларды дұрыс таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қажетті және анық ақпаратты жеткізеді;

ҚР СТ 1755 "Сауда қызметтері. Персоналға қойылатын талаптар" ұлттық стандартына сәйкес персоналды жұмысқа қабылдауды жүзеге асырады.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, азық-түлік тауарларын сату орнында сақтау және өткізу кезінде олардың сапасы мен қауіпсіздігін сақтау жөніндегі техникалық реттеу саласындағы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ететін қажетті үй-жай, жабдықтар мен мүкәммал Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 4 тамыздағы № ҚР ДСМ-73 Бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23856 болып тіркелген) "Тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Санитариялық қағидаларына сәйкес сауданың тиісті шарттары болады;

"Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес тауар (жұмыс, қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы туралы қазақ тілінде қажет болған жағдайда орыс және (немесе) басқа да тілдерде ақпарат береді;

егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда жеке басын куәландыратын құжат ұсынылмаса тауарларды сату кезінде тұтынушының жасына шектеу қойылса тұтынушыға тауарларды сатудан бас тартады;

әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын қоспағанда өткізілетін тауарлардың бағаларын дербес белгілейді;

сатып алушыға тауарды сауда объектісінің ішкі және (немесе) сыртқы витриналарында көрсетілген баға жапсырмасымен ресімделіп көрсетілген құнға сәйкес сатады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда тұтынушылардың фото және бейне түсірілімдерді қолдануға қатысты мүмкіндігін шектемейді;

сауда қызметін жүзеге асыру кезінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 19-тарауында көзделген тәртіппен және жағдайларда фискалдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолданады;

тауарларды бақылау-касса машиналары арқылы жіберген кезде тауарлардың Ұлттық каталогына сәйкес бірыңғай атауды және сәйкестендіру кодын қолданады;

салық төлеушінің паспортын бақылау-касса машиналары тікелей орналасқан орындарға және халықты ақпараттандыру және пайдалану үшін жалпыға қолжетімді орындарға орналастырады;

сауда қызметінде ҚР СТ 3833 "Тауарлар мен қызметтерді сәйкестендіру және оларды кодификациялау тәртібі" сәйкес тауарлардың ұлттық каталогын пайдаланады;

егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе көрсеткіштерді, маңдайшаларды, кестелерді, баға белгілерін, мәзірді және басқа да көрнекі ақпаратты қазақ тілінде қажет болған жағдайда орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

жылына бір рет ірі сауда объектісінің әкімшілігіне ірі сауда объектісінде сатылатын тауарлар кластары туралы ақпарат береді.

55. Азық-түлік тауарлары мен қоғамдық тамақтандыру өнімдерін сататын сатушылар, сондай-ақ персонал санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтайды, сондай-ақ "Міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың нысаналы топтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес медициналық қарап-тексеруден өтеді. Оларды жүргізу кезеңділігі, зертханалық және функционалдық зерттеулер көлемі, медициналық қарсы көрсетілімдер, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлар тізбесі, орындалуы кезінде жұмысқа түсу кезінде алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер және мерзімді міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстар және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидалары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21443 болып тіркелген);

56. Бажсыз сауда дүкендерінде сауда қызметін жүзеге асыруды қоспағанда әуежай, теміржол вокзалы, автовокзал, теңіз порты аумағында сауда қызметін жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі өз қызметінде Заң мен осы Қағидаларды басшылыққа алады.

57. Ішкі сауда объектісі:

пайдалану (пайдалану) барысында тиісті ішкі сауда объектісі үшін белгіленген қауіпсіздік техникасы қағидаларына, ветеринариялық, санитариялық–эпидемиологиялық, өртке қарсы және Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да талаптарына жауап береді;

азық–түлікке жатпайтын тауарларды сатуға арналған заттарды (киім, аяқ киім) сату кезінде осындай тауарларды сынап көру үшін тиісті үй-жайлармен жарақтандырылады, ал күрделі-техникалық және тексеруді талап ететін басқа да тауарлар үшін оны өткізу үшін жағдайлар жасалады;

қажетті сауда мүкәммалымен, жабдықпен, оның ішінде "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген өлшеу құралдарымен жарақтандырылады.

58. Сауда жабдықтары:

қауіпсіздіктің жалпы талаптарына сәйкес келеді және сауда және тоңазытқыш жабдықтарын жасаушылардың қауіпсіздік техникасы мен пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес пайдаланылады;

сауда объектісінің залдарында тұтынушылардың сауда орындарына еркін қол жеткізуін, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын және авариялық немесе төтенше жағдай кезінде адамдар мен материалдық құндылықтарды шұғыл эвакуациялау мүмкіндігін қамтамасыз ететін тәсілмен, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес әзірленген жобалау (жобалау-сметалық құжаттамаға) сәйкес орналастырылады.

1-параграф. Сауда объектілерінің түрлері бойынша реттеу ерекшеліктері

59. Сауда объектісінің мамандануын оның меншік иесі дербес айқындайды.

60. Сауда объектісін мамандандырылған объектіге жатқызу үшін ішкі сауда субъектісі тауарларды Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары мен жіктеуіштеріне сәйкес сыныптауды жүргізеді.

61. Сауда объектісінің мамандануы сауда объектісіндегі бірліктерде (даналарда) тауарлардың жалпы санын есептеу, тауарларды тауарлар сыныптары бойынша бөлу, тауарлардың әрбір сыныбының сауда объектісіндегі тауарлардың жалпы санына қатынасын есептеу негізінде айқындалады. Тауарлардың бір класы сауда объектісіндегі тауарлардың жалпы көлемінің жетпіс және одан да көп пайызына асқан жағдайда осы сауда объектісі мамандандырылған ретінде айқындалады.

62. Азық-түлік тауарларын өткізетін сауда объектілерінің қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 4 тамыздағы

№ ҚР ДСМ-73 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23856 болып тіркелген) бекітілген "Азық-түлік өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкестігі, оның ішінде азық түлік тауарлары мен қоғамдық тамақтандыру өнімдерін сақтауға және өткізуге арналған үй жайларда температура мен ылғалдылықтың реттелетін режимдерінің болуы қажет;

63. Сауда нарығының меншік иесі 1.04-26-2022 "Азаматтық, өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды қайта құру, күрделі және ағымдағы жөндеу" Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларында белгіленген талаптарға сәйкес жаңғыртуды жүзеге асырады.

Сауда базарларының қызметі Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 22 маусымдағы № 242-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32884 болып тіркелген) бекітілген сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидаларымен, сауда нарығының аумағын күтіп-ұстауға, жабдықтауға және жаратандыруға қойылатын талаптармен регламенттеледі.

2-параграф. Стационарлық сауда объектілері

64. Стационарлық сауда объектілері Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес санаттарға бөлінеді.

65. Стационарлық сауда объектілеріне мыналар жатады:

- 1) сауда қызметіндегі көпфункционалды ғимарат (кешен).
- 2) КТО;
- 3) сауда-ойын-сауық орталығы;
- 4) сауда орталығы (оның ішінде сауда орталығы, дисконт орталығы);
- 5) сауда үйі;
- 6) гипермаркет;
- 7) супермаркет;
- 8) шағынмаркет;
- 9) үй маңындағы дүкен;
- 10) сауда базары (жанартылған).

66. Стационарлық сауда объектілері қамтамасыз етіледі:

1) кіреберіс жолдармен және жаяу жүргіншілерге кіруге, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарға қол жеткізуге болады;

2) анықтамалық-ақпараттық көрсеткіштермен;

3) тәуліктің қараңғы уақытында стационарлық сауда объектілеріне іргелес аумақты абаттандыру және жарықтандыру;

4) тұраққа арналған алаңдармен, автокөлікті түсіруге арналған тиеу-түсіру алаңдарымен (Заңның 10-бабы 2-тармағының алтыншы абзацында көрсетілген

стационарлық сауда объектісін қоспағанда), сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған алаңмен;

5) 3.02–22–2011 "Бөлшек сауда кәсіпорындары" Қазақстан Республикасының құрылыс нормаларына сәйкес келеді;

6) апаттық шығу жолдарымен, баспалдақтармен, апаттық жағдайдағы іс-қимылдар туралы нұсқаулықтармен, құлақтандыру жүйелерімен және өрттен қорғау құралдарымен, әдеттегі және төтенше жағдайларда сатып алушылардың еркін бағдарлануын қамтамасыз ететін ақпараттық көрсеткіштермен;

7) сатылар, лифтілер немесе пандустар бойынша жылжу және мүмкіндігі шектеулі адамдарға сауда залдары мен үй-жайларды пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ететін ірі сауда объектілеріндегі ақпараттық көрсеткіштермен қамтамасыз етіледі;

8) мүгедектігі бар адамдарға және жүріп-тұру мүмкіндігі шектеулі халықтың басқа да топтарына арналған арнайы дәретханалары бар ірі сауда объектілеріндегі сатып алушыларға арналған қоғамдық дәретхана бөлмелерімен жабдықталады.

67. Азық-түлік тауарларын сатуға арналған орындар азық-түлік емес тауарларды сату (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) орындарынан бөлек орналастырылады.

68. Шикі түрдегі балық пен етті сатуға арналған орындар бір-бірінен бөлек және тауарлық көршілестікті сақтай отырып қалған азық-түлік тауарларын сататын орындардан бөлек орналастырылады.

69. Дүкендер мыналарға жіктеледі:

1) өткізілетін тауарлардың түріне қарай:

азық-түлік – азық-түлік тауарларын сату бойынша;

азық-түлік емес – өнеркәсіптік тауарларды, тұрмыстық техниканы сату бойынша;

аралас ассортимент – азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды сату бойынша;

2) сауда қызметінің мамандануына байланысты:

Мамандандырылған – онда тауарлардың жалпы санының жетпіс және одан да көп пайызы бір сыныпты тауарларды сатуды жүзеге асыруға арналған;

әмбебап-аралас ассортимент тауарларын сатуды жүзеге асыру.

3-параграф. Стационарлық емес сауда объектілері.

70. Стационарлық емес сауда объектілеріне мыналар жатады:

1) автодүкен;

2) автомат (сауда автоматы);

3) дүңгіршек;

4) жылжымалы сөре;

5) шатыр (павильон).

Стационарлық емес сауда объектілеріндегі сауда Қазақстан Республикасының ҚР СТ 3675 "Сауда қызметтері. Шағын бөлшек сауда желілері объектілеріне қойылатын жалпы талаптар".

71. Автокөлік дүңгіршектері арқылы тауарларды өткізу кезінде мамандандырылған көлік құралы техникалық тұрғыдан жарамды болуы және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 862 бұйрық) көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, емтихандарды қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларына сәйкес көлік құралын тіркеу туралы куәлікте белгісі болуы тиіс.

72. Автокөлік дүкендері (мамандандырылған автомобильдер) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 329 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11333 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жәрменкелерде сауда жасау үшін көрсетілген көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу және Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін қоспағанда механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіппен міндетті техникалық байқаудан өту шартымен пайдаланылады.

Тамақ өнімдерін тасымалдау және (немесе) сақтау жағдайларын ұстап тұру мүмкіндігін қамтамасыз ететін тасымалдаудың қажетті температурасын ұстап тұратын жабдықпен және ішкі беті тазалауға, жууға және дезинфекциялауға ұшырайтын, ластану, жануарлардың, соның ішінде кеміргіштер мен жәндіктердің енуі, тамақ өнімдерін тамақ өнімдерінен қорғауды қамтамасыз ететін жуу және уытты емес материалдардан жасалған температуралық режимдердің тиісті параметрлерін өлшеудің бақылау құралдарымен жарактандырылған көлік құралдары және (немесе) контейнерлер пайдаланылады.

73. Стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын және (немесе) маршруттарын жергілікті атқарушы органдар бекітеді.

Стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын және (немесе) маршруттарын бөлуді жергілікті атқарушы органдар жүргізеді және ішкі сауда субъектілерінің өтінімдері бойынша конкурстық негізде екі кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезеңде жергілікті атқарушы орган ішкі сауда субъектілерінің өтінімдерін конкурс шарттарына сәйкестік өлшемшарттарымен қабылдау туралы хабарлайды:

1) нақты орналасқан стационарлық емес сауда объектілерін орналастырудың бекітілген орындары және (немесе) маршруттары;

2) маршрут сызбасы;

3) алып жатқан алаң;

4) кемінде бір жыл және бес жылдан аспайтын сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі;

5) жақын маңдағы инфрақұрылымды ескере отырып қызмет саласы (тауарлардың ұқсас ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері);

б) өтінімдерді қабылдау мерзімі.

Конкурстың шарттарын, өтінімдерді қабылдауды, бөлінетін орындардың санын, орналасқан жерін, маршруттарын, бөлінетін алаңын, орналастыру кезеңін жергілікті атқарушы органдар конкурс өткізілгенге дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей өздерінің ресми сайттарында жариялайды.

Өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін жергілікті атқарушы орган оларды 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурс шарттарына сәйкестігін қарайды. Конкурс шарттарына сәйкес келмейтін өтінімдер екінші кезеңге жіберілмейді.

Өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша екінші кезеңге жіберілген ішкі сауда субъектісіне 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлама жіберіледі.

Екінші кезеңге жіберілмеген ішкі сауда субъектісіне 2 (екі) жұмыс күні ішінде жібермеудің нақты себептері көрсетілген хабарлама жіберіледі. Екінші кезеңге жіберілмеген ішкі сауда субъектілері 2 (екі) жұмыс күні ішінде жіберілмеу себебін жойғаннан соң конкурсқа қатысуға өтінімді қайта жібере алады. Қайта өтінімді жергілікті атқарушы орган 2 (екі) жұмыс күні ішінде конкурс шарттарының сәйкестігіне қарайды.

Өтінім конкурс шарттарына сәйкес келген жағдайда ішкі сауда субъектісі екінші кезеңге жіберіледі. Қайта сәйкес келмеген жағдайда ішкі сауда субъектісі конкурсқа қатысуға одан әрі өтінім беру құқығынсыз екінші кезеңге жіберілмейді.

Екінші кезеңде жергілікті атқарушы органның жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24803 болып тіркелген) Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында жер учаскелерін сату немесе жер учаскелерін жалға алу құқығын электрондық түрде сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес сауда-саттықты (аукционды) өткізеді.

74. Заңның 12-бабының 5-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органдар белгілеген орындардан тыс жерлерде бөлшек сауданы жүзеге асыруға, желілік маркетинг, қоғамдық дистрибьюторлар жолымен сауда орындарынан тыс бөлшек сауданы, пошта арқылы сатуды және тәртібі Премьер-Министр орынбасарының - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 11 наурыздағы № 136-НҚ (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27114 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген желілік маркетинг жолымен сауда

орындарынан тыс бөлшек сауда қағидаларына сәйкес реттелетін басқа да тәсілдермен бөлшек сауданы қоспағанда жол берілмейді, сату және басқа да тәсілдермен жүзеге асырылады.

75. Стационарлық емес сауда объектісі қызметінің түрін оның меншік иесі айқындайды.

76. Ішкі сауда субъектісі стационарлық емес сауда объектілерін орнату кезінде мыналарды көздейді:

1) жаяу жүргіншілердің еркін қозғалысы (тротуардың жаяу жүргіншілер бөлігінің ені кемінде 1,5 метр), мүгедек адамдар мен халықтың өзге де аз қозғалатын топтары үшін жағдайлар жасау, төтенше жағдайлар кезінде арнайы көліктің кедергісіз кіруі;

2) өрт сөндіру бөлімшелерінің, апаттық-құтқару техникасының қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарға кедергісіз кіруі.

77. Түрі бойынша стационарлық емес сауда объектісінің эскиздік жобасы жергілікті жердің архитектуралық-көркемдік келбетін, эстетикалық сипаттамаларын (пайдаланылатын жабдықтың түрі, оның пішіні, параметрлері (өлшемдері), пропорциялары, масштабы) сақтай отырып қасбеттердің колористикалық шешімін және объектінің стилін, сондай-ақ қоршаған құрылыстың сәулет-қала құрылысы шешімін сақтай отырып әзірленеді.

78. Стационарлық емес сауда объектілерін орнату кезінде ішкі сауда субъектісі объектінің орналасқан жерін, техникалық параметрлері мен сипаттамаларын, жақын маңдағы инженерлік желілерге дейінгі қашықтықты, инженерлік желілерге қосылуға тиісті жағдайларды және/немесе дербестікті ескере отырып технологиялық мүмкіндік болған кезде инженерлік-техникалық қамтамасыз ету, кәріз, су құбыры желілеріне және электр желілеріне қосылуы қажет.

79. Стационарлық емес сауда объектілерін орнату кезінде ішкі сауда субъектісінің белгісі болуы қажет.

80. Осы Қағидалармен реттелмеген стационарлық емес сауда объектілерін орнату тәртібі бойынша өзге де мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен регламенттеледі.

4-параграф. Көтерме-тарату орталықтары

81. КТО қызметі ҚР СТ 3673 "Сауда қызметтері. Көтерме-тарату орталығы. Жалпы талаптар" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 14 қазандағы № 222-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21456 болып тіркелген) бекітілген КТО-ға қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

КТО қызметтер кешенін көрсетеді немесе технологиялық мамандануына және көрсетілетін қызмет түріне қарай мыналарға бөлінеді:

КТО негізінен жеміс-көкөніс өнімдері мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру орындарының жанында орналасқан және қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға және ішкі сауда субъектілеріне қабылдау, сақтау және бастапқы өңдеу бойынша қызметтер көрсететін азық-түлік тауарларымен сатып алу, дайындық, тарату (тазалау, калибрлеу, сұрыптау, ішкі және сыртқы нарықтарда кейіннен өткізу үшін ауыл шаруашылығы өнімін буып-түю және басқа да қызметтер және (немесе) өзге де операцияларды сақтауға және орындауға арналған жылжымайтын мүлік объектісі болып табылады;

КТО азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды өткізу объектілері бойынша сақтауға және бөлуге және сауда объектілерінің мұқтаждары үшін тауарларды уақытша сақтау және қайта тиеу (ауыстырып тиеу) бойынша логистикалық қызметтер көрсетуге арналған жылжымайтын мүлік объектісі болып табылады;

КТО саудасы жасалған шарттарға сәйкес сауда қызметін жүзеге асыру кезеңінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға және (немесе) ішкі сауда субъектілеріне сауда алаңдарына, сақтау орындарына және инфрақұрылымдық сауда-логистикалық кешен шегіндегі басқа да үй-жайларға кедергісіз қол жеткізуді ұсынатын жылжымайтын мүлік объектісі болып табылады.

КТО-дағы азық-түлік тауарларының үлесі мынадай формула бойынша айқындалады :

$$A = B / C * 100, \text{ қайда}$$

A – азық-түлік тауарларының үлесі, пайызы;

B – азық-түлік тауарларының саны, бірлік;

C – азық-түлік және азық-түлік емес тауарлардың, бірліктердің жалпы саны.

Ескерту. 81-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 29.07.2025 № 229-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Ірі сауда нысандары

82. Ірі сауда объектісінің әкімшілігі жұмыс режимі, көрсетілетін қызметтердің тізбесі, үй-жайларды (сауда орындарын) жалға беру шарттары мен тәртібі, олардың сипаттамасы, көрсетілетін қызметтердің барлық түрлерінің құны және оны сауда объектісінің аумағында қолжетімді жерде және интернет-ресурста (бар болса) орналастыру көрсетілетін жұмыс регламентін бекітуді қамтамасыз етеді.

83. Ірі сауда объектісінің әкімшілігі мыналарды ұйымдастырады:

1) ірі сауда объектісінің жұмысы және оның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына осы Қағидаларға және бекітілген жұмыс регламентіне сәйкес жұмыс істеуі үшін жағдайлар;

2) ірі сауда объектісінің аумағын уақтылы жинау және абаттандыру;

3) санитариялық-эпидемиологиялық талаптар қажет болған кезде арнайы жинау жабдығын қолдана отырып меншікті немесе тартылатын клинингтік қызметтердің күнделікті жұмысымен қамтамасыз етілетін сауда орталықтары мен сауда-ойын-сауық орталықтарын қоспағанда кестеге сәйкес ірі сауда объектісінің аумағында және объектілерінде айына кемінде бір рет санитариялық күн өткізу;

4) ірі сауда объектісінің аумағындағы сауда объектілері мен орындарына энергиямен, сумен, жылумен жабдықтау және интернетті жеткізу бөлігінде сервистік қызмет көрсету, сондай-ақ сауда базарлары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес оларды пайдаланудың тиісті шарттарымен жарамды сауда мүкәммалымен және бақылау салмақтарымен қамтамасыз ету;

5) қоғамдық тәртіпті, өрт қауіпсіздігін қолдау, ірі сауда объектісін күзетуді ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау;

6) ірі сауда объектісінің аумағына кіру кезінде (ірі сауда объектісінің түрін, мамандануын, атауын, жұмыс режимін, ірі сауда объектісі әкімшілігінің телефон нөмірлерін көрсете отырып) маңдайшаны (қазақ тілінде, қажет болған жағдайда орыс және (немесе) басқа тілдерде) орналастыру;

7) бекітілген қосымша қызметтер тізбесіне сәйкес және ірі сауда объектісінің бекітілген жұмыс регламентіне сәйкес белгіленген бағалар бойынша қызметтер көрсету жөніндегі жұмысты;

8) Премьер-Министр орынбасарының м.а. - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2023 жылғы 30 наурыздағы № 123-НҚ (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32162 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 123-НҚ бұйрығы) бұйрығымен бекітілген ақпараттық жүйеде тіркелген Қағидаларға сәйкес қолданыстағы сауда орындарын ақпараттық жүйе арқылы жалға алу (пайдалану) шарттарына сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілерінің қызметі;

9) ірі сауда объектісінің әкімшілігі ірі сауда объектісі меншік иесінің (иеленушінің) шешіміне сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда көрсетілетін қызметтер бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру жөніндегі жұмысты;

10) құқықтық тәртіпті және өрт қауіпсіздігін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға, ветеринариялық қадағалау органдарына және басқаларға ақпараттық жүйе арқылы № 123-НҚ бұйрығына сәйкес қолданыстағы шарттық негізде тұрақты пункттерді орналастыру үшін қызметтік үй-жайлар беру;

11) өз қызметін ірі сауда объектісінде жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілерін ақпараттық жүйеде № 123-НҚ бұйрығына сәйкес қолданыстағы қосымша қызметтер тізбесін бекіту туралы кемінде бір ай бұрын хабардар ету;

12) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өткізу жөніндегі ірі сауда объектісінде өз қызметін жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілерін ірі сауда объектілерінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті жол берілетін бөлшек сауда бағаларының мөлшері туралы хабардар ету;

13) ірі сауда объектісінің субъектілері мен сатып алушылар үшін ірі сауда объектісінің сауда орындарын орналастыру схемасын (схемаларын) белгілеу;

14) № 123-НҚ бұйрығына сәйкес қолданыстағы ақпараттық жүйеге мәліметтерді уақтылы және толық енгізу жөніндегі жұмыс;

15) жылына бір рет ірі сауда объектісінде сауда жасаушылар (жалға алушылар) туралы ақпаратты, ірі сауда объектісінде өткізілетін тауарлар туралы мәліметтерді № 123-НҚ бұйрығына сәйкес қолданыстағы ақпараттық жүйеге ұсыну, ірі сауда объектілерінде тауарлардың кластары туралы мәлімет;

16) кейіннен оларды жою және өтініш берушіге жұмыс регламентінде белгіленген мерзімдерде № 123-НҚ бұйрығына сәйкес қолданыстағы ақпараттық жүйе арқылы қарау нәтижелерін беру жөнінде шаралар қабылдау үшін № 123-НҚ бұйрығына сәйкес қолданыстағы ақпараттық жүйеде QR-код арқылы алынған жалға алушылардан ескертулер мен ұсыныстарды қарау жөніндегі жұмысты жүргізеді;

17) сатушылардың (жалға алушылардың) және олар алып жатқан сауда объектілерінің және (немесе) сауда орындары жұмысының регламентінде белгіленген талаптарға сәйкестігінің мониторингі және мониторинг қорытындыларын № 123-НҚ бұйрығына сәйкес қолданыстағы бекітілген ақпараттық жүйеде орналастыру;

18) жалға алушыларға ірі сауда объектісінің басшылығына ұсыныстар, шағымдар мен өтініштер қалдыру мүмкіндігі үшін әрбір жалға алынған сауда орнында QR-кодты орналастыру.

84. Жұмыс регламенті және қосымша қызметтер тізбесі № 123-НҚ бұйрығына сәйкес қолданыстағы бекітілген ақпараттық жүйеде 25 қаңтардан кешіктірілмей орналастырылады.

Жұмыс регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ірі сауда объектісінің әкімшілігі осы ірі сауда объектісінің меншік иесінің (иеленушінің) шешімі негізінде жүзеге асырады.

Мұндай өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты ірі сауда объектісінің әкімшілігі осындай шешім қабылданғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді.

Жұмыс регламенті мыналарды қамтиды:

1) толық және қысқартылған (ол болған кезде), оның ішінде фирмалық атауы, заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, оның орналасқан жері, мемлекеттік тіркеу нөмірі;

2) салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

3) ірі сауда объектісінің мамандануы;

- 4) ірі сауда объектісінің схемасы;
- 5) авариялық немесе төтенше жағдайлар туындаған кезде эвакуациялау схемасы;
- 6) ірі сауда объектісінде кезектен тыс қызмет көрсету немесе басқа да жеңілдіктер құқығы берілген азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесі;
- 7) сауда орындарын ұсыну, қызметтер көрсету тәртібі мен шарттары, олардың сипаттамалары, оларды ұсынғаны үшін құнын есептеу;
- 8) жалдау (пайдалану) шартының талаптары, оның ішінде оны бұзу тәртібі мен негіздері;
- 9) осы бағаға енгізілетін негізгі шығындардың сипаттамасын, бағаға өзгерістер енгізу мерзімдері мен тәртібін қамтитын сауда орындарын жалға беру жөніндегі қызметтерге баға белгілеу тәртібін қамтиды.

85. Ірі сауда объектісінің техникалық персоналы ірі сауда объектісінің аумағында шаруашылық қызметті арнайы киіммен жүзеге асырады, сондай-ақ жұмыс регламентінің талаптарын сақтайды.

86. Қосымша қызметтер тізімі ірі сауда объектісінің әкімшілігі көрсететін барлық қызметтерді қамтиды.

Қосымша қызметтер тізіміне мыналар кіреді:

- 1) қызметтердің атауы;
- 2) қызметтердің құны;
- 3) көрсетілетін қызметтер сипатының сипаттамасы және олардың сандық көрсеткіштері.

87. Ірі сауда объектісінің меншік иесі (иеленушісі) :

1) ірі сауда объектісінде тауарларды қабылдау, сақтау, сату (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) үшін энергиямен, сумен, жылумен жабдықтау және интернетті жеткізу жөніндегі жағдайларды, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымдық жағдайларды қамтамасыз етеді;

2) № 123-НҚ бұйрығына сәйкес қолданыстағы ақпараттық жүйе арқылы ірі сауда объектісінің қызметін тоқтату немесе тоқтата тұру туралы шешім қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде сауда объектісінің субъектілерін және уәкілетті органды осы шешім туралы хабардар етеді;

3) ірі сауда объектісінің әкімшілігі көрсететін қызметтер бойынша, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру туралы шешімдер қабылдайды;

4) № 123-НҚ бұйрығына сәйкес қолданыстағы ақпараттық жүйеде сауда объектілерін және (немесе) сауда орындарын жалдау (пайдалану) шартын жасасады;

5) жұмыс регламентін және № 123-НҚ бұйрығына сәйкес қолданыстағы ақпараттық жүйеде қосымша қызметтер тізбесін бекітеді;

6) ірі сауда объектісінің ішкі сауда субъектілерін және ақпараттық жүйедегі уәкілетті органды 6 (алты) ай бұрын міндетті түрде хабардар ете отырып сауда орнын

жылына бір реттен артық емес жалға алу құнын бекітеді, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделген жағдайда төлемақы мөлшері барлық мүдделі тараптарды міндетті түрде хабардар ете отырып баға өзгерген кезде тараптардың бірінің талабы бойынша № 123-НҚ бұйрығына сәйкес қолданыстағы ақпараттық жүйеде қайта қаралады;

7) жұмыстың бекітілген регламентіне сәйкес ірі сауда объектісі әкімшілігінің жұмысын, сондай-ақ ірі сауда объектісі әкімшілігінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды орындауын бақылайды және қамтамасыз етеді;

8) ірі сауда объектісінде өз қызметін жүзеге асыратын ішкі сауда субъектілері мен объектілері туралы барлық қажетті мәліметтерді уәкілетті органдардың лауазымды адамдарына беру және осындай тексерулер барысында анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою арқылы тексерулер жүргізуге жәрдемдеседі.

3-тарау. Ішкі сауда түрлері бойынша реттеу тәртібі

88. Ішкі сауда түрлеріне көтерме және бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану, аукцион, комиссия, шекара маңы, көшпелі, көрме–жәрмеңке, электрондық, биржалық сауда және тапсырыс бойынша сауда жатады.

Биржалық сауда "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

89. Сатушы сатып алушыға тауардың құнына кіретін тауарларды сатумен байланысты қызметтерді ұсынады.

Бұл ретте сатып алушыға тауарды сату кезінде ұсынылатын қызметтерден бас тартуға, сондай-ақ сатушыдан оның келісімінсіз ұсынылған қызметтер үшін төленген сомаларды қайтаруды талап етуге мүмкіндік беріледі.

90. Сатушы белгілі бір тауарларды сатуды басқа тауарларды міндетті түрде сатып алуға немесе оларды сатуға байланысты міндетті түрде қызмет көрсетуге негіздемейді.

91. Сатушы өзінің сипаты бойынша белгілі бір жиынтықта (тауарлар жиынтығында) және тауарға қатысты құжаттармен және керек-жарақтармен жиынтықталуды талап етпейтін тауарды қоспағанда тиісті сападағы тауарды сатып алушыға ыдыста және (немесе) қаптамада береді.

Берілетін тауардың сапасына, ыдысына және (немесе) қаптамасына, оның жиынтығына, керек-жарақтары мен құжаттамасына, тауарлар жиынтығына, сондай-ақ тауарды жеткізу шарттарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау, сауда қызметін реттеу және техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

92. Тауарды сатып алушы оны белгілі бір мерзімде қабылдағаны туралы шартпен сатқан кезде сатушы тауарды осы мерзім ішінде басқа сатып алушыға сатуға жол бермейді.

Егер сатушы мен сатып алушы арасындағы шартта өзгеше көзделмесе сатып алушының шартта белгіленген мерзім ішінде тауарды қабылдау үшін келмеуі немесе

өзге де қажетті іс-әрекеттер жасамауы сатып алушының тауарды сатып алудан бас тартуы ретінде сатушымен қаралады.

93. Тауарды қайтару және айырбастау тәртібі "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген.

94. Сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарларды сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі мен азық-түлік тауарларын жеткізуші арасында азық-түлік тауарларын жеткізу шартын жасасу кезінде олардың өнім берушіден азық-түлік тауарларының белгілі бір санын сатып алуына байланысты ішкі сауда субъектісіне төленетін сыйақыны азық-түлік тауарының бағасына енгізу жөніндегі шарт көзделуі мүмкін.

Көрсетілген сыйақы мөлшері осы шарт тараптарының келісуіне жатады және сатып алынған азық-түлік тауарлары бағасының бес пайызынан аспайды. Сыйақының көрсетілген жиынтық мөлшерін есептеу кезінде қосылған құн салығының сомасы есепке алынбайды.

Ішкі сауда субъектісіне оның өнім берушіден азық-түлік тауарларының белгілі бір санын сатып алуына байланысты төленетін сыйақы ақшамен көрсетіледі және тауарларды жылжыту жөніндегі қызметтер үшін төлемді қамтиды.

Сыйақы берудің және тауарды жылжытумен байланысты емес қосымша қызметтер көрсетудің өзге де шарттарын шарт тараптары дербес айқындайды.

Ішкі сауда субъектісінің уәкілетті органның Бұйрығымен бекітілетін тізбеде көрсетілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сатып алуына байланысты осы тармақта көрсетілген сыйақыны төлеуге жол берілмейді.

Азық-түлік тауарларының тізбесін немесе көлемін ұлғайта отырып шартты ұзартуға , сондай-ақ Заңның 31-бабының 7-тармағын бұза отырып қосымша келісімдер жасасуға жол берілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген сыйақы мөлшері асып кеткен кезде ішкі сауда субъектісі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауапты болады.

1-параграф. Көтерме сауда

95. Көтерме сауданы 46 Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес тіркелген Ішкі сауда субъектілері жүзеге асырады.

96. Ішкі сауда субъектілері арасында тауарларды сатып алу-сату шартын жасасу кезінде көтерме сауда көтерме-тарату орталықтары мен көтерме сауда базарлары арқылы жүзеге асырылады.

97. Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде ішкі сауда субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамалары мен стандарттары талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

98. Тауарлар ассортиментінің кендігі бойынша көтерме сауда мамандандырылған және әмбебап болып бөлінеді.

Мамандандырылған көтерме сауда тауарлардың белгілі бір класының саудасына бағытталған.

Әмбебап көтерме сауда аралас ассортимент тауарларының саудасына бағытталған.

99. Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде шартта мыналар белгіленеді:

1) сауда объектілерінде өткізілетін тауарларға баға деңгейлері мен шектері;

2) сауда объектісінде делдалдар мәмілелер кезінде делдалдық жасағаны үшін алатын сыйақы мөлшері.

100. Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде ішкі сауда субъектілері:

1) ҚР СТ 1756 "Сауда қызметтері. Жалпы талаптар";

2) көтерме сауданы жүргізу, сауда мәмілелерін жасасу үшін ұйымдастырушылық жағдайлар жасау;

3) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын ұлттық және мемлекетаралық стандарттарға сәйкес өткізілетін тауарлардың сапасын бақылауды және осы Қағидалардың сақталуын бақылау;

4) көтерме сауда субъектілерін ұлттық және мемлекетаралық стандарттарға және басқа да қызмет түрлеріне сәйкес жүктеме өлшеу жабдықтарымен;

5) инженерлік инфрақұрылымды құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету, тоназытқыш, сауда және өзге де жабдықтар мен тетіктерге техникалық қызмет көрсету;

6) сауда объектісін күзету және көтерме сатып алу-сатуды жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

101. Көтерме сауданы жүзеге асыру кезінде жасалған сатып алу-сату шарттары бойынша есеп айырысуды қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асыруға, шарт қағаз және (немесе) электрондық түрде жасасуға жол беріледі.

2-параграф. Бөлшек сауда

102. Бөлшек сауданы 47 ЭҚЖЖ бойынша тіркелген ішкі сауда субъектілері жүзеге асырады.

103. Бөлшек сауда стационарлық сауда объектілері, стационарлық емес сауда объектілері, сауда базарлары ҚР СТ 3676 "Сауда қызметтері. Бөлшек сауда нарықтарының қызметтері. Жалпы талаптар" контейнерлер арқылы бөлшек саудаға жол берілмейді.

104. Бөлшек сауда кезінде тауардың әрбір бірлігі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта өзгеше белгіленбесе не тауардың табиғатынан туындамаса, буып-орауы, буып-түйілуі тиіс.

105. Тауарларды сату орнында оларды көрсету, олардың үлгілерін көрсету немесе сатылатын тауарлар туралы мәліметтерді (сипаттамаларды, каталогтарды, фотосуреттерді және сол сияқтыларды) ұсыну, сатушы тиісті тауарлардың сатып

алу-сату шартының бағалары мен басқа да елеулі талаптары көрсетілгеніне қарамастан, жария оферта деп танылады және қазақ және қажет болған жағдайда орыс тілдерінде тиісті белгіні көрсетті.

106. Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі, машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі, сондай-ақ тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында шектеулер белгіленген жағдайларды қоспағанда бөлшек сауданы жүзеге асыратын сатушы тауарды сатып алуға жүгінген әрбір адамға тауарды өткізеді.

Алкоголь өнімін және (немесе) темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, кальянға арналған темекіні, кальян қоспасын, темекіні жылытуға арналған жүйелерді сатушы, сатып алушының жиырма бір жасқа толуын белгілеу үшін:

1) жеке басын куәландыратын құжатты (оның ішінде шетел азаматының жеке басын куәландыратын құжатты) көрсетуді талап етеді;

2) егер жеке басын куәландыратын құжат (оның ішінде шетел азаматының жеке басын куәландыратын құжат) ұсынылмаған жағдайда алкоголь өнімін және (немесе) темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, кальянға арналған темекіні, кальян қоспасын, темекіні жылытуға арналған жүйелерді сатудан бас тартады.

107. Бөлшек сатып алу-сату шарты, егер заң актілерінде немесе бөлшек сатып алу-сату шартында өзгеше белгіленбесе сатушы сатып алушыға кассалық немесе тауарлық чекті немесе тауардың төленгенін растайтын өзге құжатты, оның ішінде сатып алушы қосылатын формулярлардың немесе өзге де стандартты нысандардың талаптарында берген кезден бастап тиісті нысанда жасалған болып есептеледі.

108. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 2-тармағына сәйкес эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспа басылымдарын бөлшек саудада сатуға тыйым салынады:

1) стационарлық емес үй-жайларда;

2) мөрленген мөлдір қаптамада емес;

3) білім беру ұйымдарының, балалар мекемелерінің, ғибадат үйлерінің (ғимараттарының) үй-жайлары мен аумақтарында;

4) он сегіз жасқа толмаған адамдарға беріледі.

109. "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 2-тармағына сәйкес діни әдебиеттерді, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды таратуға тек ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), діни (діни) білім беру ұйымдарында, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың стационарлық үй-жайларында жергілікті атқарушы органдары арнайы айқындаған және діни мақсаттағы объектілерде ғана жол беріледі.

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрінің 2017 жылғы 9 маусымдағы № 89 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15432 болып тіркелген) Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды таратуға арналған арнайы стационарлық үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналасуын айқындау жөніндегі Нұсқаулықтың 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды таратуға арналған арнайы стационарлық үй-жай сауда, қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлармен, сондай-ақ діни әдебиеттерді, ақпараттық материалдарды қабылдауға, сақтауға және сатуға дайындауға арналған үй-жайлармен қамтамасыз етілген, ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс орналасқан күрделі стационарлық құрылым немесе оның жекелеген бөлігі болып табылады.

3-параграф. Аукциондық сауда

110. Тауарларды сату бойынша аукциондық сауда-саттық жария сауда-саттық өткізу жолымен жүзеге асырылады.

111. Бастапқы баға сатушының сауда-саттық жүргізу сәтіндегі тауардың нарықтық құнын негізге ала отырып айқындалуы мүмкін, түпкілікті бағаны сатып алушы сауда-саттық жүргізудің нәтижесінде айқындайды.

112. Аукциондық сауданы өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен реттеледі.

113. Аукцион нысанындағы конкурстық сауда-саттық кезінде сатушы аукцион нысанасын ол үшін неғұрлым жоғары баға ұсынатын аукционға қатысушыға сатуға міндеттенеді.

114. Аукциондық сауда сатушы жариялаған бағаның өсуі шарттарында жүргізіледі.

115. Бағаны төмендету үшін өткізілетін аукциондық сауда шарттарында зат сатылатын ең төменгі баға көзделеді.

116. Заңның 32-бабының 3-тармағында көрсетілген тауарлардан басқа кез келген жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік аукциондық сауданың мәні болып табылады.

117. Аукциондық саудаға қатысу туралы ұсыныстарда аукционның мәні, оны өткізу орны мен уақыты туралы мәліметтер болады.

118. Аукциондық саудаға қатысуға ниет білдірген адамдар, егер оны өткізу шарттарында өзгеше белгіленбесе аукцион басталғанға дейін аукционға қатысуға өтінім береді және кепілдік жарнаның белгіленген сомасын енгізеді.

119. Егер аукцион нысанасын оның қатысушыларының ешқайсысы сатып алғысы келмесе аукцион нысанасы осы аукционнан алынады.

120. Ең жоғары бағаны ұсынған аукционға қатысушымен оған аукцион нысанасын сату туралы шарт жасалады.

121. Егер сатып алушы осы Қағидалардың 120-тармағында көзделген шарт жасасудан бас тартса ол аукционға қатысушылар қатарынан шығарылады, кепілдік жарна оған қайтарылмайды, ал сатып алушы сатып алудан бас тартқан аукцион заты кайтадан сауда-саттыққа қойылады.

122. Аукционға қатысқан, бірақ одан ештеңе сатып алмаған адамдарға кепілдік жарна сомасы қайтарылады.

Аукцион заттарының кез келгенін сатып алған тұлғаларға кепілдік жарна сомасы төленген сатып алу бағасының есебіне есептеледі.

Аукцион нәтижелері аукционды ұйымдастырушының интернет-ресурсында жарияланады.

4-параграф. Комиссиялық сауда

123. Комиссиялық сауда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

124. Егер меншік құқығын ауыстырудың өзге тәртібі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделмесе комитент комиссияға қабылданған тауарға меншік құқығын сатып алушыға сатқан (берген) сәтке дейін сақтайды.

